


А 2007
28к




**ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ**

**Мырзан
Кенжебай**

**Қара
суық**







ҚАЗІРГІ
ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫ

Мырзан Кенжебай

Қара суық

Өлеңдер



Алматы
“Жазушы”
2006

ББК 84 қаз. 7-5

К 30

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Кенжебай М.

**К 30 Қара суық. Жыр кітабы. — Алматы: Жазушы,
2006. — 232 бет.**

ISBN 9965-746-67-2

Қазақтың талантты ақыны Мырзан Кенжебайдың бұл жыр кітабы әр жылдары жазылған таңдаулы өлеңдерінен түзілгенмен де, бәрі бір жинақ ішіне тоғыса келіп, тұтас бітімді толымды сипат танытады.

Автор шығармашылығына шынайы шыншылдық, бейнелі орам, жан мен жүрек сыршылдығы тән. Сондықтан ол өз оқушысын терең ойға, тебіреністі сезімге суаратынына сенімдіміз.

К 4702250202-01
402(05)-06

ББК 84 қаз. 7-5

ISBN 9965-746-67-2

© «Жазушы» баспасы, 2006



Қара суық

Есімде жоқ қазан ба, қараша ма,
Отырғанбыз “үй” ойнап алашада.
Сүйіп алды құба қыз...
Бас айналып,
Естен тандым таң боп бұл тамашаға.

Тамашаға толтырып тал бойымды,
Көктем деген бір сайқал салды ойынды.
Сайран ба, әлде ойран ба, өтті әйтеуір,
Шетсіз-шексіз бір ғажап ән жойылды.

Ән жойылды ғажайып, шет-шегі жоқ,
Күлгенінен көз жасын төккені көп.
Бір мұңды жыр екеуіміз жазға жеттік,
Өтіп кеткен көктемге өкпелі боп.

“Кейде осындай болады бір адамдар”
Деп қойыңдар, аржағын сұрамаңдар.
Біздің жайды біледі
Әр көктемі
Күз боп өтіп жатқанда жылағандар.

Сезіп бізден жайдары жыр қашқанын,
Тұнжыр бұлтпен торланып тұрды аспаным.
Есте қалды,
Айрылып бұлбұлымнан,
Баққа барып байғызбен сырласқаным.

Теріс мініп кесірдің Керкұласын,
Жаз да өтті.
Өтті-ау жаз, неғыласың.
Жазға өкпелі жан болса,
Бізді еске ап,
“Сақта, сақта, сақтай гөр” — деп жыласын.

Жуасыды қос жанар нала тұнып,
Жүрек те енді соқпайды аласұрып.
Жаз-ғұмырға жабырқап жүрген кезде,
Қайтем енді,
Сен келдің, қара суық!

Білмеймін бұл жалған не шын екенін,
(Жалғыздықтың. Ақиқат, түр етегін!)
Қара суық, әйтеуір, сен келгенде
Бейіт жаққа бір қарап дір етемін.

Өзге жұрттан болған соң басқаша мұң,
Айта алмайсың қасқа да, досқа шағым.
Қарағашты құшақтап,
Көкке қарап,
Қайтқан құспен еңіреп қоштасамын.

Қара суық қара ит-ау жалақтаған,
Қорықпаймын, қорқытпа қарап маған.
Үйренгенмін,
Үрзада үмітімді
Күн өткен жоқ тағдырға талатпаған.

Ризамын өмірден татқаным,
Қара суық, сәлем айт ақпаныңа.
Асықпасын келем деп біздің жаққа,
Әлі-ақ өзім түсемін қақпанына.

Содан соң ба?
Түсіндірсем болады мұны қайтіп,

Шаршағанмын өмірдің мұңын айтып.
Анаң қара:
Көрі ит итаяққа
Қарап жатыр бір көзін сығырайтып.

* * *

Не екенін білмей қымсыну,
Мойныма қолы асылған,
Жаз-ғұмыр деген бір сұлу
Өтті де кетті қасымнан.

Топырақ па, қар ма бораған,
Желігіп мұздай жетті жел.
Есігі сынған қорадан
Еңкейіп қашты ешкілер.

Қурайын шағыл тұлым қып,
Төбесін құмның түртеді.
Шілтердей мұнар шымылдық
Қып-қызыл күнді бүркеді.

Жабулап жауып орағам,
Шоқпытты тауып қайдағы,
Тайрандап қашты қорадан
Тәуелсіз елдің тайлағы.

Төр жақта келін аңдысқан,
(Дұшпан ғой, қуық май кеткен)
Жүгірді шалым зәр қысқан,
Жылы су іздеп шәйнектен.

Қалжыратып халі қауымның,
Шығып ем шетке тобымнан,

Иттері бүкіл ауылдың
Шуылдап қуды соңымнан.

Бір күдік ойдан кетпейді
Ауылдас иттер бүйткенде.
Адамға итті дос дейді,
Дос қой ол бірақ итпен де.

Қыстан аман шыққаймын

Қан мен жанды қар мен мұз қыспалаған,
Аман шықсам екен бұл қыстан аман.
Маған қадап келгендей бар қаһарын,
Жан мен тәнді кесел жоқ ұстамаған.

“Кім біледі, — деп барып ем, — өле кетсем...”
Ауылымның халі де менен өткен
Әлсіз екен, ауруы әбден меңдеп,
Жан секілді бір шипа керек еткен.

Тірі ме, әлде бар дала қалған ба өліп,
Тілсіз жатыр аспанға аң-таң болып,
Ішек-қарын аршиды қатын-қалаш,
Саусақтары домбығып, қан-қан болып.

Сұрқы сұмдық соғымның биыл мұнда,
Басы кетті қой, жылқы, сиырдың да.
Қардың үсті қызыл қан.
Заманым-ай.
Қасаптардың қолына бұйырдың ба?!

Үй түбінен үйірлі қасқыр ұлып,
Қарауыз ит қорада жатты бұғып.

Ауру қартты ап атшана кетті ауданға,
Үзілмесе болғаны ақтық үміт.

Боз қалқан бұлт басса да көкті бұлдыр,
Маған деген бар деуші ем текті бір нұр.
Бұралқы иттей ұлытып, ыңырсытып,
Өтті өмір, өзіңсіз өтті, құрғыр.

Үсіп өлген адасып жетті күндей
Әкелгенде күйеуін, есі кірмей,
“Қалқам, қалқам.! Көзінді аш”, — деп отырып,
Келіншегі ұл туды екі бірдей.

Өмір осы, осы үкім, осы шешім,
Күн батты, жұрт ішуде несібесін.
Екі сәби сезбейді, жұрт бұларға
Ат қойғанын сол күні “Екі жетім”.

Өтер бұл қыс анаға, балаға сын,
Алла жетім-жесірді аяласын.
Алла ғана аясын. Білемін тек,
Мына заман білемін аямасын.

Біз күткен бақыт бұл емес

Сыңар көз ақ таң атқанда,
Алдыңнан күтіп кіл егес,
Алақан жайып аспанға,
Біз күткен бақыт бұл емес.

Есті алып ерге қондырып,
Еркіндік деген бір елес,
Қолдағы барды қор қылып,
Мен күткен бақыт бұл емес.

Жырлап ең еркін болдым деп,
Құм-қойма болғыр көмейім,
Жұрқаны кидім торғын деп,
Қатемді кімнен көрейін.

Жаба алман жанға жаламды,
(Қасқа да айтам, досқа айтам)
Әжуалап әулие бабамды,
Басыма шықты-ау көп шайтан.

Жұлығы жыртық ұлының,
Ертеңін іздеп шет елден,
Сұмырай болды сұлуым
Көрпесін әркім көтерген.

Сөйлесем ата тілімен,
Сөзімді шонжар ұқпайды.
“Колаға” толған күбіден
Шұбаттың иісі шықпайды.

Аруанам қайып айырдан,
Майыма тойып мас бөрі,
Жайлауға доңыз жайылған,
Мен күткен бақыт басқа еді.

Қараймын оңға, солға да:
Осыма еді деп келешек.
Мен күткен бақыт, сонда да,
Дәл мына бақыт емес ед.

Мен ұлтымның сүйегіне таңбамын

Бұлай болды, бұлай болды бұл неге,
Селт етпеймін жақсы, жаман күйге де.
Бұрынғыдай жыр-ән жоқ,
Бұрынғыдай бір ән жоқ,
Мең-зең болып қараймын бұл дүниеге.

Сөнгенім бе, көнгенім бе шынымен,
Қайран өмір, уақыттың құлы ма ең,
Ай да аман, күн де аман тұрғанда,
Селт етпей еш думанға,
Өтіп барам қош айтысып күллі үмітпен іріген.

Кере қарыс, сере қазы семірген,
Сұм-сұрқия сөз тыңдауға ерінген,
Уағызшы ұраншылар ұлып кетсе жиналып,
Дарқан шайыр даусы шықпай, дарынымен
көмілген.

Құлап тұрып, жылап тұрып күлмендеп,
Итаяқтың иесінің ыңғайымен үрген кеп
Бейшарамен табақтас боп жүрген соң,
Мен де өзімді адаммын деп жүргем жоқ.

Заманым-ай!

Қасіретіңе қарсы ататын сақпан боп,
Көсемсініп көмейімнен атсам да оқ,
Хұқым жабық,
Бұтым ашық болған соң,
Бетсіздерге бірі дарып жатқан жоқ.

Шер қып қойған ақынының арманын,
Мен ұлтымның сүйегіне таңбамын.
Ұятимды қос қолыммен жабам деп,
Бетім түгіл, күйді-ау алақандарым.

5 маусым күнгі нөсер

Аунағандай айдаһар қырық тісті,
Аспандағы бүгінгі бүлік күшті.
Тілін кескен диюдай қара шынды
Ирек тісті ақ қылыш тіліп түсті.

Тауды шайнап, тісімен тас тураған,
Аусар бұлттар аумайды мас бурадан.
Мамыр өтті, барады маусым да өтіп,
Бұл не көктем жанға жай таптырмаған?

Боз тірлікті бұзуға болмай күшім
Отырғанда, қоз-шерді қозғаймысың?
Тереземнің алдына неге қондың,
Боз шымшығым, бүріскен боз байғұсым?!

Шаршатқан соң дүрбелең-дүрмектегі үн,
Өзімді үйге кілттедім, ілмектедім.
Моншақ көзің мөлтілдеп қарай берме,
Мен сорлыны жетісіп жүр деп пе едің.

Жер — топалаң, дүрліккен аспан — ағын,
Адамнан да, аңнан да жасқанамын.
Сорлы-ау, саған қарық қып қамқор болмас
Тас жүректі тұрғыны тас қаланың.

Қара жерді қажытпай мың қырсығы,
Болып бір кез аспанның бүлдіршіні,
Бір-ақ көктем сенімен көкті кезсем,
Бұл құсаның қалмас ед бір кіршігі.

Бітпес реніш, бітпес мұң, бітпес нала,
Жайлаған жан азапқа түспек дара.
Бұл әлемде әділдік бар дегенге
Кейде өзімді сендірем күштеп қана.

Дүрс-дүрс еткен кеудесі боз байғұсым,
Сенің кейпің қоз-шерді қозғайды шын.
Тезірек кет!

Мына біз бұл жалғанда
Жаралғанбыз тек жалғыз боздау үшін.

Қос қанатын зіл басқан қасқа құсым,
Керек болмай қалдың ба аспан үшін.
Адамдарға менің де қажетім жоқ,
Қалмаған соң боздаудан басқа күшім.

Ми мен көз

Қалдықтай құя салған беріп тегін,
Ми шіркін, ми емес, бір көбік пе едің?
Құрышты — күміс, жезді алтын деген,
Сонша жыл көз-сайқалға сеніп келдің.

Білсең де жүрегіңнің аққан қанын,
Білмейсің әлі қанша оқ қалғанын.
Бүгінде “мисыз” деген атағым бар,
Жақсы еді-ау сенің мүлде жоқ болғаның.

Жыр жазып бір опасыз қаншық жайлы,
Қыртысың қырсықтан бір аршылмайды.
Білмейсің арман деген әппақ жолдың
Үстінде жататынын сансыз қайғы.

Мисыз бас сөзді емес, бөзді арман қып,
Біз болсақ барды сұлу көзге арнадық.
Сен қалдың, мен де қалдым сол күйімде,
Өтті өмір, біз ілгері қозғалмадық.

Болса да сонша биік, өр арманың,
Уақыт деген сұмға ере алмадың.

Айрылған ақыл-естен ақымағым,
Білмеймін енді сенде не қалғанын.

* * *

Шайқаушы ед шыдам шарасын,
Сұлулар мені сүйіп тек.
Сен болсаң, міне, барасың
Күн сайын менен биіктеп.

Баруға батпай жақын тым,
Айналып ұшсам қызғыштай.
Жаныңа жақындатпайсың
Қасиетті жұмбақ бір құстай.

Әуезін тыңдап әр әннің,
Жыр жаздым сосын бір зар кеп,
Қиғаш қас, қиық жанарлым
Бір күні ұғар, тындар деп.

Иілші бермен, еңселім,
Құлағың салшы, ақылдым.
Басқадан гөрі мен сенің
Жаныңды ұғар ақынмын.

Гүл мен Нұр болып қияннан
Қол бұлғап тұрған періште,
Өзгеше жұрттан сүйе алған,
Бір ақын сүйсе, теріс пе?

Мазақ қыл мейлің, күл тіптен,
Алыссың әрі жақынсың.
Мен кешкен бүкіл тірлікте
Ең соңғы махаббатымсың!

Көзімнен айырмашы

“Мына тұрған Қарағай ма, Қайың ба?
Көрінбейді Күнің менен Айың да”, —
Деп жүрмейін, сақтай гөрші, Жан Ием,
Сақта Өзің, жанарымнан айырма.

Жарық дүние, мың сан бояу өрнегім,
Көп те демен, аз да демен көргенім.
Сені өзгелер көре алмайды дәл менше,
Көрмей қалсам — көрге тірі енгенім.

Бір тұрайын, бір жүрейін, құлайын,
Ит тағдырға иілейін, сынайын.
Адамдардан бұдан да әрмен түңілсем,
Айға қарап, Күнге қарап жылайын.

Жоқ болған соң ешкімге де керегі,
Тіл мен жырдың қажет болмас көмегі.
Көзімді алма, тілімді алсаң, ала бер,
Бар зарымды көзім айтып береді.

Қуансам да, қорықсам да сиынған,
Тойынсам да, толыссам да сиынған,
Ей, Раббым! Айырмашы көзімнен
Айырсаң да ақылы жоқ миымнан.

Жоғарыға жиіркеніп ылдидан,
Жүрегіме ылғи қайғы, у құйған.
Жан мен Тәнді оймен қажап тоздырды,
Керегі жоқ, шаршағанмын бұл мидан.

Сұрамаймын бермесінді зар қылып,
Қайғым емес кедейлік пен жарлылық.
Қос жанардан айырмасаң болғаны,
Көз жұматын кез жеткенше мәңгілік.

Білмегесін бақыт деген не екенін

Ұлым Нәжімге

Көңіл қалды жақыннан да, жаттан да,
Көңіл қалды көріден де, жастан да.
Бір түкіріп, кетейікші дүниеден
Деп жүрегім аттан салып жатқанда,

Сені берді Жарылқаушым — бір Алла,
(Тұтқын едім тастай қалың тұманға)
Алла берді,
Нәжім деген атың да,
Жазулы тұр қасиетті Құранда.

Айтпасам да ешкімде есем кетті деп,
Тағдыр мені тастаған ғой тепкілеп,
Сәл ауырсаң, зәре-құтым қалмайды,
Жарығымды аман қылшы деп тілеп.

Жарығым-ау, жарығым-ау, жарығым!
Бұл әкеңе бәрі қайғы, бәрі мұң.
Ішкізіп ап, тағы отырам түнеріп,
Залалы мен зәрін ойлап дәрінің.

Қайдан ғана көрсетіп ем, шиенің
Жұтып қойып жүрмесе екен сүйегін.
Орындықтан құлап кетсе қайтемін,
Аламын деп домбыраның тиегін?

Жұрт айтатын мені батыл, албырт деп,
Ит өмірден қорқақ болып қалдым тек.
Анаңа да сенбей, өзім тексерем
Айраныңды жылы, әлде салқын деп.

Ойнамады бұл бала деп ертелі,
Қызуыңды екі-үш өлшеп ем, кемі.

Ұйықтатқан соң, анаңа да байқатпай,
Жабам әкеп тағы да бір көрпені.

Мейлі бұл жұрт сенбесе де, сенсе де.
Шошып кетем арқаң шып-шып терлесе.
Түніменен кірпік ілмей, төрт рет
Көйлегінді алмастырдым мен кеше.

Шаңырағыма сен келгесін, жарығым,
Бұл өмірдің тәтті екенін таныдым.
Шемішкенің аршып қоям әр дәнін,
Жұтып қойып жүрмегей деп қабығын.

Шайыр Құлжан, Нұрмағанбет, Нұртуған
Атаң Сахи, байлық емес, жыр қуған.
Текті ұрпақсың,
Сәйкес болғай соларға
Ақыл-ойың, парасатың, түр-тұлғаң.

Білмеген соң бақыт деген не екенін,
Деуші едім-ау: “Соны іздеп не етемін”.
Сен туған күн сол бақыттың өзі кеп,
Біздің үйден тапты тұрақ-мекенін.

Көзі ойлы, ажары — Ай, жүзі — Күн,
Бірде жуас, бірде тентек бұзығым,
Алла сенің аман қылсын жаныңды,
Сонда менің таусылмайды қызығым.

Түн. Тіршілік

Кезектесіп бір үрей мен бір үміт,
Үкі үні естіледі құмығып.
Таулар көктің жауып алып жартысын,
Бір табын піл қалғандай-ақ қырылып.

Өгей әке өкпелеткен жетімдей
Тас белгі түр не жыламай, не күлмей
Тас белгінің ар жағынан Ай шықты
Бояу жаққан монғол қыздың бетіндей.

Бас жазатын әтір де жоқ, шылым жоқ,
“Тәуелсіз үл” Алик отыр дірілдеп.
Егесі жоқ егемен мал қорада,
Сөйлейді Алик Шаригіне күбірлеп:

“Өмір деген — босқа күту, бос үміт,
Итті адамға дос деуші еді осы жұрт.
Досым болсаң, айтшы, неге,
Неліктен,
Жыламайсың мына маған қосылып?!”

Қанды ма екен бақытына бал-шырын:
Көк шалғында қыңсылады қаншық үн:
“Әй жігітім, бөліселік қызықты
Дегім келді, айтсам, осы бар шыным...”

Фантастикалық өлең

Теріп жүріп қарақат пен бүлдірген,
Қыз бен жігіт не істегенін кім білген.
Ежелейді көне жазу кітапты
Жаңа ғана тауып алған үңгірден:

— Мінгестіріп бір жолына бір жолды,
Мақтапты ғой бір фирма мен бір қорды.
Жүз жыл бопты, болдым, толдым деместен,
Дүниеден өткелі де бұл сорлы.

Мына екеуі мақтап-мақтап патшаны,
Көп алыпты атақ пенен ақшаны.
Мынау ылғи сайрап “күн” мен “гүл” жайлы,
Күн көріпті күзетші боп бақтағы.

Қыз күледі: — қалар емес есім түк,
Гүл деген бір қышытпайтын өсімдік.
Сені қайтем, болмағанда мына бір,
Алқымымды қышытатын төсің түк.

Айтпақшы, бір жүз жылдан сәл асар-ақ,
Қыз бен жігіт бір-біріне қаталап
Шөлдейтін бір ауру болған деседі,
Ұмытпасам, соның аты Махаббат.

Жігіт күлді: — “Б”-ға деген бір өлең
Тек сол қызбен жатқаймын деп тілеген.
Соны ол да Махаббат деп атапты,
Авторы ма? бастапқы әрпі “М” деген.

Өмір бойы “Б”-сын айтып жылаған,
Сол “М” сірә, ақымақтау бір адам.
“Б”-сыменен бірнеше рет жатса да,
Қарсы бола қояр еді кім оған?

Қыз жымыды: — Күлмейік, — деп, — сол сөзге,
Ол заманда адамдар да болды өзге.
“М” мен “Б”-ны бір төсекке жатқызбай,
“Ұят” деген біреу жүрген ол кезде.

* * *

Тау асар шақта дөңге бір шықпай,
Мұндасты таппай, мың күйдің жаным,
Білмедік, оң мен жөнді де ұқпай,
Өтетін жастық сиқырдың барын.

Жамбасы қышып желігіп тұрған
Бие де таптың, байтал да таптың.
Серігін таппас серілік құрған
Керегі не сол сайқал жас шақтың?

Әуені — бұлбұл, көңілі — дүлдүл,
Жанарың — қынсыз зұлпықар еді:
Өксіген сәтте, өмірі құрғыр,
Жұбатар енді жоқ шығар емі.

Қалқам-ай, қазір қай маңда жүрсің,
(Көк тер боп жатып түсімде көрдім)
Мың әжім басып аймаңдай жүзің,
Күңіреніп жүрдің ішінде көрдің.

Ойлаушы ек әр күн жұмақтан да артық,
Жалған-ау, сенен алмағымыз көп деп.
Бір-бірімізді құшақтап жатып
Көз жұмып кетсек, арманымыз жоқ деп.

Бәрі де жалған, бәрі де озған,
Шалқұйрығы да шаршады ойдың.
Тыным берейін деп тәніме тозған,
Жастық-ау, сені аңсауды қойдым.

Арманым — мешел, мүгедек — мүддем,
Бүгін мен ертең арасы мұнар.
Кешіре гөр деп дір ете түсем,
Тірі өлу деген тап осы шығар.

Қайыпқа қарсылық

*Ақтаудың түлкі қашар қуысынан,
Құрбының артық едің туысынан.
Жалғыздық жарлылықпен қатар келіп,
Бөбегім, шығып кеттің уысымнан.*

(“Ақбөбек”. Қайыптың өні)

Жеткізбесе қашқан түлкі Ақтаудан,
Пайда бар ма мәстегінді мақтаудан.
Күйлі құзғын аққуды іліп кеткесін,
Ауру қыран шын өлімнен шақ қалған.

Қас дұшпаның Ақбөбектей нұрынды ап
Кеткеннен соң, тозақ енді ғұмыр бақ.
Енді саған жаныңды әнмен жұбатып,
Сол тозақта жүру қалды шырылдап.

Әзиз басын басқалармен көріп тең,
Жараспайды жарлы адамға желіккен,
Мал мен басқа жарымаған адамның
Махаббатқа кенелгенін көріп пе ең?!

Десең, дей бер ақын едім, ер едім,
Мықтың сенен алады тек керегін.
Дұшпаныңның көбейтсем деп ұрпағын,
Жат төсекте жатыр қазір Бөбегің.

Айтып өту зарға толы әнді бір —
Жақсыларға жазмыш таққан қарғы бұл.
Қайып қасқа-ау, түсінсейші, ешқашан
Түзелмейтін тірлігіңнің алды бұл!

Көктем. Ақын, Тұраш, Қоңыз және Шошқа

Қара суық, ақ боран
Қыстан аман құтылып,
Бір жылжып, бір тоқтаған
Жүрді Қоңыз қыдырып.

Күншуақ боп аңсары
Келгенінде жетіп дем,
Тапал Тұраш сап-сары
Таптап кетті етікпен.

Алланың ең жылауық жаратқан бір пендесі —
Ақын деген сорлының шаншып кетті кеудесі.

Көктемді аңсап талайдан,
Түйме көзі жылтырап,
Шошқа шықты сарайдан,
Сасық иісі бүрқырап.

Таусылып қап Сашканың,
Салосы мен арағы,
Жүрегіне Шошқаның
Қазанпышақ қадады.

Қызыл қанға боялып аппақ Шошқа құлады,
Ақын сорлы еңкілдеп теріс қарап жылады.

Қыстан аман шықсам деп.
Доңыздағы тілейді.
Көктеміме жетсем деп
Қоңыздағы тілейді.

Әр Доңыздың тағдыры бір орыстың қолында,
Әрбір Қоңыз ойламас Тұраш түр деп жолында.